

Қазақстан

Қазақстан Республикасы

Мемлекет басшысы: **Қасым-Жомарт Тоқаев**

Үкімет басшысы: **Асқар Мамин**

Бейбіт жиналу және пікір білдіру бостандығына ие болу құқықтары қатаң шектеулі болып қалуда. Билік сынаушылар саяси астары бар қудалауға тап болады. Азаптау және қатыгездікпен қарау әлі де кең таралуда. Адам құқықтарын қорғаушылар қудалауға түсіп, жала жапқаны үшін сотқа тартылды. ЛГБТИ топтарына жататын адамдар қаралау мен зорлық-зомбылыққа тап болды. Мүмкіндігі шектеулі адамдар құқықтарынан айырылды. Пандемия салдарынан экономикалық жағдайдың төмендеуі білім алуға қол жетімділігін азайтып, балалар еңбегін көбейтті.

Жалпы ақпарат

10 ақпанда қазақтар мен дүнгендер (тегі қытай мұсылман тобы) арасындағы қақтығыстар болғанда жүздеген адамдар жараланып, 10 адам өлді. COVID-19 анықталған бірінші оқиғалар пайда болғаннан кейін 16 наурыздан 11 мамырға дейін төтенше жағдай жарияланды. 29 қазандағы жағдай бойынша 2,219 адам COVID-19-дан қайтыс болғаны ресми түрде расталды. Бірақ ресми статистикасы бойынша, қайтыс болғандардың саны әлдеқайда жоғары екенін көрсетеді. Дүниежүзілік банк өзінің орта жылдық болжауында мәлімдегендей, пандемия салдарынан қосымша 800 000 адам кедейшілікке тап болды.

Қыркүйек айында Қазақстан АСҚХП-ң Екінші факультативтік хаттамаға қол қойып, өлім жазасын орындамауға және оны жоюға міндеттеме алды.

Бейбіт жиналу бостандығы

Бейбіт жиналыс қатысушыларға қарсы әкімшілік ұстау мен айып-пұл қолданды. Мамыр айында президент Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін жаңа заңға қол қойды. Шын мәнінде оған биліктердің рұқсаты керек, ал бейбіт жиналыстарды тек белгілі жерлерде өткізуге рұқсат етіледі. Бұл заң Қазақстан азаматтары емес, психикалық және “психикалық әлеуметтік” аурулары бар, сонымен бірге тіркелмеген ұйымдарды ашық түрде кемсітеді.

6 маусымда Алматыдағы бейбіт наразылық шарасы дезинфекция жасау керек деген сылтаумен таратылған. Жүздеген адамдар қысқа уақытқа ұсталған болатын. Құқық қорғаушы Ася Тулесова бейбіт демонстранттарды ұстағаны үшін полиция қызметкерлеріне ашуланып, біреуінің бас киімін қағып жіберді. COVID-19 жұқтыру қаупіне қарамастан, оны екі айға алдын ала қамауға алып, 12 тамызда полиция офицеріне күш қолданып, қорлағаны үшін 18 айға «бас бостандығын шектеу» (бас бостандығынан айырмай, шартты түрде жазалау) және айып-пұл төлеу жазасына сотталды.

Пікір білдіру еркіндігі

Маусымда президент жала жабуды қылмыссыздандыру туралы заңына қол қойды. Бірақ билікті бейбіт сыншылары сотпен қудалап, қатаң жазаға кесті, өйткені биліктер наразыларды басу үшін Қылмыстық кодекстің 274-б. (“көрінеу жалған ақпарат тарату”) көзделген қатаң шараларды қолданды. Қаңтар айынан тамыз айына дейін 274-бап бойынша 81 іс қозғалып, бесеуі сотқа дейін жетті.

22 маусымда Әлнұр Ільяшев биліктің COVID-19 қарсы әрекеттеріне және жемқорлыққа қарсы әлеуметтік желілерде үш хабарлама жазғаны үшін 274-б. сәйкес кінәлі деп табылды. Оған бас бостандығын үш жылға шектеу және бес жыл бойы “қоғамның саяси, мәдени, мамандық мұқтаждарына ерікті қызмет көрсету бойынша қоғамдық және ашық қызмет етуге, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер мен қорларды құруға және қатысуға тыйым салды”.¹

Ар-ұждан тұтқындары

Макс Боқаев денсаулығы нашарлағанына қарамастан, бес жылғы жаза мерзімін өтеуін жалғастырып жатты. Ол бейбіт демонстрация ұйымдастырғаны және әлеуметтік желілерде жазғаны үшін сотталды, оның ішінде Қылмыстық кодексінің 174-б. бойынша («әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, тектік-топтық немесе діни алауыздықты қоздыру»).

Азаптау және басқа қатігездік

Азаптау және басқа қатыгездік түрлері пнетитенциарлық мекемелерде кең таралған болып қалуда. Кейбір жағдайды айтпағанда, биліктер бейтарапты, тәуелсіз және нәтижелі тергеу жүргізе алмады.

6 қазанда Ұлттық қауіпсіздік Комитетінің офицері зорлау мен азаптау үшін бес жылға бас бостандығынан айыруға сотталды. Виктория Бердіходжаева, әйелдер колониясында жазасын өтеп жатқан трансгендер әйел өзін 2019 ж. шілдеде бір офицер зорлағанын мәлімдеді. Осыдан бұрын ол колонияға 2017 ж. келгеннен бастап, еркек қызметкерлер тарапынан жыныстық қысымға және басқа тұтқындар жағынан кемсітуге тап болғанын хабарлаған болатын.

17 қазанда Азамат Оразалы мал ұрлады деген күдікпен ұсталып, сол күні Шығыс Қазақстан облысы, Мақаншы ауылында қамауда қайтыс болды. Азаптау күдігімен полицияның үш қызметкерлері ұсталды. Жылдың аяғында іс әлі жалғасуда.

Адам құқықтарын қорғаушылар

Адам құқықтарын қорғаушылар қысымға және соттық қудалауға ұшыраған. Қазақстанның солт.стігіндегі Павлодар қаласында Елена Семенова азаптау оқиғаларын әшкерелеу жұмысы үшін алты түрме шенеуніктерінің жала жабу туралы сегіз азаматтық іске тап болды. 3 маусымда сот 161/2-түрме қызметкерлеріне жала жапты деп шешіп, өз сөзінен жариялы түрде бас тартуды бұйырды. 10 сәуірде Алматы облысы Заречный ауылындағы 164/4-колониясында тұтқынды түрме қызметкерлері ұрып-соққаны туралы хабарлағаны үшін ол 3 шілдеде колония бастығына жала жабу туралы істе жеңілді. Тұтқынның жарақат алғанын ресми түрде растайтын медициналық сараптамаға қарамастан, сот Елена Семенованың хабарлары шындыққа сай келмей, түрме бастығының атағына зиян келтіреді деген тұжырымға келді. Жылдың аяғындағы жағдай бойынша екі іс арыз берушілердің тарапынан тоқтатылған, ал төрт іс қаралуда болған.

Лесбиян, гей, бисексуал, трансгендер және интерсекс адамдардың құқықтары (ЛГБТИ)

ЛГБТИ белсендісі Нұрбибі Нұрқаділова мамыр айында Еуропа Одағы және Қазақстандағы бірқатар шетел елшіліктерінің Халықаралық гомофобия, трансфобия және бифобияға

¹ [Kazakhstan: Political activist sentenced to “restricted freedom” for criticizing government’s COVID-19 response \(News story, 22 June\)](#)

қарсы күніне орай мәлімдемесін жариялады. Хабарламасы гомофобиялық және трансфобиялық пікірлер тудырды, соның ішінде танымал аралас жекпе-жек күресшісі Қуат Хамитовтың пікірлері де бар. Нұрбибі Нұрқаділова оған жауап беріп, оның трансгендер әйел екенін анықтағаннан кейін, ол ЛГБТИ адамдарына шабуыл жасауға шақырды. Билік тарапынан ешқандай шара қолданылған жоқ.

Бала құқықтары

Пандемияға байланысты Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекараның жабылуы жұмыс күші тапшылығын тудырды. «Азаттық» радиосы қазан айында Түркістан облысында, Қазақстанның оңтүстігінде балалар мақта алқаптарында жұмыс істеп жатқанын хабарлады. Кейбіреулері 16 жасқа дейінгі жеңіл еңбекке жарамдылық жасына жетпеген. Дүниежүзілік банк хабарлағандай, Қазақстандағы функционалдық сауаттылығы төмен оқушылардың саны пандемияға байланысты мектептердің жабылуы және қашықтықтан оқуға қол жетімділігі жеткіліксіз болғаны салдарынан көбейеді.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары

Сот ақыл-ой кемістігі бар адамдарды қабілеттілігінен және соның негізінде құқықтарынан айыруды жалғастырды. Қайта қарау жүйесі жоқ жағдайда адамдардың өз құқықтарын қалпына келтіру оқиғалары өте сирек болып қала беруде. Қаңтарда Алматыдағы сот Вадим Нестеровтің құқықтық қабілеттілігін қалпына келтірді. Оған «ақыл-ойы артта қалған» деген диагноз қойылып, 18 жасқа толған кезде қамқор көрсету мекемесінде болған кезде құқықтық қабілеттілігінен айырылды.

Институционализация деңгейі жоғары болып қалуда. Сәуір айында Шығыс Қазақстанда Аягөз қаласындағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған интернатта тұратын төрт бала денсаулық жағдайына байланысты қайтыс болды, ал қызметкерлердің көпшілігі карантиндік шаралар аясында ақысыз демалыста болды. Тергеу барысында интернатта тиісті медициналық көмек көрсетілмегені және оған қатысты кейбір қызметкерлерге тәртіптік жаза қолданылғаны анықталды.

22 қазанда Президент Тоқаев Қазақстан 2022 жылы Мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтары туралы Конвенцияның Факультативті хаттамасын ратификациялайтынын мәлімдеді. Бұл келісім-шарт бойынша мүмкіндігі шектеулі адамдар шағым түсіре алады.